

## АЛБАН АСАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Асан Барманбекұлы — өзі өмір сүрген заманның қиын-қыстау кезеңін жүрегімен сезініп, патшалық Ресей отарлауының елге үстемдік жүргізген тұста куә болған оқиғаларға ат үсті қарай алмай, шаруашылық түрінің өзгеріп, бұрын өз бетімен еркін жүріп, жайлауды еркін жайлаған қазақ халқы үшін келген бір нәубеттей қабылдаған ақын. Ел қамын ойлаған азаматтар бұндай жағдайлардан бойын аулақ сала алмасы айқын. Ал, ақындар болса сол өзі өмір сүріп отырған қоғамнан жырақ кетіп жырлай алмайтыны тағы белгілі жағдай. М.Әуезов мұндай адамдарды екіге бөледі: «Біреуі — тарихи өлеңдерде саналған ел қаһармандары, екіншісі — ел тілегін айтып, зар мұңын сөзбен шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау болатын» [1, 176].

Асанның қай шығармасын алсақ та, ел тілегін айтып зар мұңын сөзбен шығаратын ақын ретінде көрінетіндігінің куәсі боламыз. Ол қарапайым отбасынан шықса да жастайынан ел жағдайына аса қағілездікпен мән беріп, болып жатқан саяси оқиғаларға бағдармен қарап өседі. Өсе келе ол — патшалық жүйеге ашық қарсы шығып, сол жолда да жанын аямаған қоғам қайраткері екендігін көрсетеді.

Асан өзі кешкен заманда, халқына қандай ақыл-кеңестер айтты, әлеумет басындағы жағдай-

ларды тап басып көре алды ма? Бұл жауапты ақынның шығармаларынан іздесек дұрыс болар... Елдегі бірліктің жоқтығы мен берекесіздігі, патшаның отарлау саясатымен қатар келген сауда саттықты, базардың пайда болуын ақын елге келген келеңсіз құбылыс санап, оған көрсетер амалының жоқтығына зығырданы қайнайды:

Базар жақын болғалы  
Бейілі жұрттың тарылды.  
Қағаздан ақша шығарып  
Сатып орыс шалқып жүр.

Ақын елге келген арақ ішу, сот ісі, ақша айналымы сияқты үрдістерге үрке қарайды. “Атқа мінген азамат”, “арақ ақыл табар” деп, “арақты судай сапырды”, —деп арақтың ел ішіне, оның салтына айнала бастауына жол бермеуін қалайтынын көрсетеді. Бұл жағдайларды С.Мұқанов былайша көрсетеді: «...базарларға қазақтар жыл сайын мол қатынасып, өзінің шикізаттары: тері-терсек, жүн-жұрқасын, малдарын базарға сатып, базарда өр түрлі өндіріс товарын алады, ақша алады. Ақшамен бірге натуралды ауыл шаруасына капитализм тегі кіріп, бұрынғы малмен ғана бай атанатын қазақтар, енді «ақшалы бай» атанды” [2, 127]. Ел ішіндегі келеңсіздіктің ең сорақысы болып көрінетіні, ол дін жолында жүріп, ақ сөй-

лейді деген, халық адал деп пір тұтатын молдалардың азғындыққа ұшырауы. Осы жөйттар Асанның «Бұл заманның молдасы» деген толғауында анық көрінеді:

Бұл заманның молдасы  
Бопыраз тартып боза ішіп,  
Шайтан болды жолдасы  
Кейбіреулері тағы бар  
Апиын, наша сормасы.  
Арақ ішіп, аят оқып,  
Келісті ғой пормасы.

“Қыз айрылды қылықтан”, “Келін кетті сыйықтан”, “Қалағанын алар деп, базаршы қылды қатынды” деген өлең жолдарынан ақынның бұрынғы феодалдық өмірді көксейтіні көрініп тұрады. Бәрінен де ақын жанына бататыны елдің жерден айрылуы, жерінің тарылуы, ата-баба қаны төгілуімен сақталып қалған жерге өркімдердің иелік етіп, сайран салуы. Ол ақынның өлеңдерінен анық байқалады. “Орыс келіп жерді алып”, “Әр жерге салды қаланы” деуінен көрінеді. Міне, осындай жайттардың бәрі ақын жанын жегідей жейді, маза бермейді. Елдің болашағы қалай болатыны сенімсіздікке, қорқынышқа әкеледі. Ел жағдайының тағы бір көрінісі: «...бір жағынан ел әкімдері тарапынан болып отырған ішкі салық, екіншісі — патша жарлығы арқылы жиналатын алым»[3,101].

Асанның айтыскерлік өнерінде өлеуметтік мәселелерді көтергенін анық аңғаруға болады. Ол туралы жазушы, өлкетанушы Өкітай Ахметовтің Жетісу газетінде жариялаған «Албан Асан» мақаласы дәлел [4,5]. Онда «Уәйіс пен Екінші Асан» атты үзінді беріледі. Айтыста Уәйіс лебізін былай бастапты:

Атандық Бармақұлы — Асан Албан  
Іс пен сөздің арасы түгел жалған.  
Сәлде киіп тонқайған өнер емес,  
Құран артқан есектен көңіл қалған.

Бақсы артық алдамшыдан зікір салған,  
Жебір молда омалған тапқан малдан.  
Ақырзаман — арманы бар молданың,  
Қару ұстап өлген жөн бұл амалдан.

Талпынбасақ аспасбыз осы таңнан,  
Қол бастап бүгін тайсаң осы маңнан.  
Күшпен алмай — дегенің бола қоймас,  
Қан төкпей түк бітпейді бұл лаңнан.

Екі талай жан сақтау мына жолдан,  
Болашақ кешірмейді берсек қолдан  
Қампиған бос қарындар неге керек,  
Күпті жүрек, ішіміз запыран толған.

Алдап-арбап малың мен жерінді алды,  
Енді бүгін жаныңа ауыз салды.  
Он тоғыз бен отыз бір ол да сылтау,  
Атамұра бар жерін жауда қалды.

#### Асан ақын Уәйіске:

Замана тоқтар емес өмір өзен,  
Ән салар айтысатын емес кезең.  
Өліспей беріспейтін ерлік керек,  
Дүние бір тайталас мен де сезем.

«Басым толы білімге, жүрек қуыс,  
Көруші ем адамзаттың бәрін туыс.  
Ресейге сенуден қалдық бүгін.  
Басталды жанталасқан жаман сыбыс.

Ресей тез түсірді қармағына,  
Кім шыдар оның қатты бармағына.  
Ібір-Сібір оларға тар болғандай,  
Құрық салды Албанның жан-жағына, —

деген екен.

«Албан Асан мен Уәйіс арасындағы өлеңдерді» Мағауин Мұқан және Жақыпов Төлеухан деген мұғалімдер 1934-1938 жылдары Жаркентте ел аузынан жазып алыпты. Осы екі мұғалім Албан көтерілісіне мән беріп, саяси деңгейге көтерген [4,20].

Ақынды әдеби жұртшылыққа ең алғаш таныстырған ақын — Ілияс Жансүгіров. Оның “Ақырзаман” (Албан Асан сөздері) деген жинағына ақынның біршама өлеңдері кірген. Асан өлеңдері Бұқар, Дулат, Шортанбай өлеңдерімен сарындас. Шортанбай “зар заман” деп атаған заманды Асан “ақырзаман” деп атайды.

Албан Асан өлеңдеріндегі ендігі бір жиі қолданылатын сөз өрнектері «Албан, бұғы» атауы. «Бөлмеуші едік Алашты, албан, бұғы бұзылды, өлемет мына көрімнен». І.Жансүгіров сөзімен айтсақ: «Асан өлеңінде көбінесе «албан», «бұғы» деп келеді. Бұлар қазақ-қырғыздың қоныстас рулары. Албан қазақ та, бұғы — қырғыз. Бұл екі елдің төсекте басы, төскейде малы қосылған жапсар ел»[5,120] десе, оны Б.Омаров былай таратып айтады: «...оны «Албан Асан» деп атаған қырғыз ағайындар көрінеді. Жыр жүйрігінің өрісті өнерін олар қатты құрметтеген. Қисынды шешен сөздері мен семсердей өткір жырлары жұрттың жүрегінде қалған Асан екі елдің еркелеткен ақыны болған»[5,24]. Осының бәрінен көрінетіні ақынның ел тағдырына көз жұмып қарай алмайтындығы. Ел мұңын, ел зарын өз мұңындай көретіндігі. Асан Барманбекұлының ендігі бір келелі ісі Алашты осы аталған келеңсіздіктерге қарсы

көтеріліске шақыруы. “Асанның “Аттаны” ұлы дүбірге мұрындық болды. Ақын намыс пен кектің, тәуекелдің отын жақты” [3,20]. Бұл 1916 жылғы ұлы дүрбелең еді... “Қарқара жерінде болған ұлт-азаттық көтерілістің көсемдері әйгілі шешендер Жәмеңке Мәмбетұлымен, Ұзақ Саурықұлымен бірге жүрген, 1915 жылдың көктемінде қайтыс болған Асанның денесі Алматы облысының Райымбек ауданындағы Көксай қорымына жерленген”. Бұл Төлен Қаупынбайұлының “Ақырғы демі үзілмейді ақынның” (Егемен Қазақстан. 1996. 20 қаңтар) атты мақаласында берілген деректері бойынша. Ал І.Жансүгіров оны былайша қорытындылайды: “1916 жылдың көтерілісін, өсіресе оның Жетісудағы болған түрін, себебін зерттеймін деген адам, Албан Асан сөзін тепшілемей лажы жоқ. Өйткені Асан ақын көтерілістің алдындағы күйден ашық сурет көрсетеді” [6,355], –

дейді. Қорытындылай айтқанда, Асан өз заманының жанашыр ақыны, қоғам қайрат-кері, халық мұңын жоқтаушы, ел бірлігін, ынты-мағын көксеуші, елдің бодандық шырмауынан босауына өз үлесін қосушы.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Әуезов М. XVIII–XIX ғасыр ақындары. 20-томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1985.
2. Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс, 2002.
3. Дәуітов С. Асан Барманбекұлы. XX ғасыр кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 2000.
4. Ахметов Ә. Албан Асан // Жетісу. 2004. 22 мамыр.
5. Омаров Б. Қазақ-қырғыз қасіретнамасы. Қызылорда; Нұр-Сәулет, 1998.
6. Жансүгіров І. Албан Асан сөздері. Қызылорда: ҚКӘБ, 1934.